



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 20 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ
2008 ЖЫЛҒЫ 17 МАУСЫМ

Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 16 маусымда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	21 367,1	21 288,8
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	19 460,2	19 460,2
Алтын	1 906,9	1 828,6
Ақша базасы, млрд. теңге	1 833,0	1 833,0
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 564,5	1 564,5
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	268,32	268,32
КЗТ/USD (кезең аяғында)	120,67	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	864,00	828,50

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 0,5 %-ға (немесе 105,9 млн. долл.) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу бойынша операциялар, Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 71,8 млн. долл. азайды, әлемдік нарықтардағы бағасының 1,8% төмендеуі нәтижесінде алтындағы активтер 34,1 млн. долл. азайды.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 25 168,7 млн. долл.) 46 538,2 млн. долл. болды. Өткен айға өсуі 2,2% болды.

2008 жылғы маусымның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі ақша базасының 8,1%-ға (немесе 137,9 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.